Благодарственными письмами за вклад в развитие молодежной политики области были награждены 13 студентов университета. Письма вручил руководитель областного управления по вопросам молодежной политики Нурлан Кунтуов. Также специальными подарками и Благодарственными письмами от имени руководителя городского центра молодежных ресурсов Жандоса Табылғанова были награждены 10 студентов вуза.

ACCEPTED TO THE STUDENTS' RANKS

The department of social affairs and youth policy organized the event where more than 5,000 first-year students were accepted to the ranks of students.

The event began with the composition, which reflected the story of non-resident students about their feelings, that they felt when they first entered the platform of Aktobe railway station. Next, the students sang the song "Oh, zhashtar".

The rector of the university, Bauyrzhan Erdembekov, who made the congratulatory speech, awarded nine students the "Best Student" medal and handed the Gradebook to the first-year students. On behalf of 1-year students, Aldanazar Zhakanov swore an oath.

Letters of thanks for their contribution to the development of the youth policy of the oblast were awarded to 13 university students. The letters were handed over by the head of the oblast youth policy department Nurlan Kuntuov. In addition, special gifts and letters of thanks on behalf of the head of the city center for youth resources Zhandos Tabylganov, were awarded to 10 university students.



«МЕН ТЕАТРДЫ ТАҢДАЙМЫН» І ОБЛЫСТЫҚ ЖОБАСЫ ӨТТІ

Жубанов университеті Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театры фанклубымен бірге «Мен театрды таңдаймын» І облыстық жобасы аясында кездесу ұйымдастырды. Аталмыш шараның мақсаты – қоғаммен жастар арасында театр өнерін ұлықтау.

Жастардың басын өсерқан бұл шараға облыстық театрдың таланты актерлері Бағдат-Телеуғалиев, Қадыр Құттыбаев, Асила Төреғалиева, Дархан Дәулетияр, Адема Нажмеденова, Мейірбек Шакенов, Ольга Павлова, Валихан Кинжибаев, Руфина Ибрагимова-Кылосова, Максим Гузенко, Серафима Приставка келді.

Еркін әңгіме форматында өткен кездесу барысында қонақтар театр өнеріне қалай келгендері, актер мамандығының барлық қыр-сырлары туралы сыр шертті.

Актерлермен қызу әңгімеге түскен студенттер оларға өздерінің сахнадағы ролі кезіндегі көңіл-күйі, қандай рольдер көбірек сомдалатындығы, театр өнерімен кино әлемінің арасындағы айырмашылық және басқада көптеген алуан түрлі сұрақтарын қойды.

Кеш соңында қонақтар университет басшылығымен студенттеріне театр өнеріне деген көрсетіліп жатқан құрметпен қызығушылықтары үшін алғыстарын жеткізді.

І ОБЛАСТНОЙ ПРОЕКТ «Я ВЫБИРАЮ ТЕАТРА!» ПРОШЕЛ В УНИВЕРСИТЕТЕ ЖУБАНОВА

В университете Жубанова стартовал I областной проект «Я выбираю театр!», организованный университетом Жубанова совместно с фан-клубом Актобинского областного театра драмы имени Т.Ахтанова. Целью данного мероприятия является популяризация театрального творчества среди общественности и молодежи.

В рамках проекта в стенах университета

были организованы встречи с актерами казахской и русской труппы. Среди них были актеры Бағдат Телеуғалиев, Қадыр Құттыбаев, Асила Төреғалиева, Дархан Дәулетияр, Адема Нажмеденова, Мейірбек Шакенов, Ольга Павлова, Валихан Кинжибаев, Руфина Ибрагимова-Кылосова, Максим Гузенко, Серафима Приставка.

В ходе встречи, которая проходила в формате свободной беседы, гости рассказали о всех тонкостях актерской профессии.

Студенты проявили высокую заинтересованность в общении с актерами и не скупились на вопросы. Они спрашивали о состоянии актеров во время игры на сцене, какие роли им ближе и есть ли отличие в театральном искусстве и кинематографе. Гости отметили, что самым главным отличием театра и кино является получение живых эмоций и энергии от зрителей.

В завершение встречи гости поблагодарили руководство и студентов вуза за проявленный интерес и внимание к театальному миру

FIRST REGIONAL PROJECT "I CHOOSE THE THEATER!" PASSED AT ZHUBANOV UNIVERSITY

The first regional project "I choose the theater!" started at Zhubanov University and organized together with the fan club of Aktobe oblast Drama Theater named after T. Akhtanov. The purpose of this event was to popularize theatrical creativity among the public and youth.

The meetings with actors from the Kazakh and Russian companies at the university were organized as a part of the project. Among them were the talented actors Bagdat Teleugaliyev, Kadyr Kuttybayev, Asil Toregaliyev, Darkhan Dauletiyar, Adem Najmedenova, Meyirbek Shakenov, Olga Pavlova, Valihan Kinzhibaev, Rufina Ibrahimova-Kylosova, Maxim Guzenko and Serafima Pristavka.

During the meeting, which was held in the format of a free conversation, the guests spoke about all the intricacies of the acting profession. Students showed high interest in communicating with the actors and asked the questions. There were questions about the state of actors during the game on stage, about which roles are closer to them and the difference in theatrical art and cinema. The guests noted that the main difference between the theater and the cinema is receiving live applause and energy from the audience. At the end of the meeting, the guests thanked the management and students of the University for their interest and attention to the theater world.

АЛҒАШҚЫ ШӘКІРТАҚЫЛАРЫН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА ЖҰМСАДЫ

Жубанов университетінің «Кәсіптік оқыту» мамандығының 1-курс студенттері алғашқы шәкіртақыларын қайырымдылыққа жұмсауды жөн көрді. Олардың бұл ойларын құптаған топ кураторлары және осы мамандықтың жоғарғы курс студенттері аталмыш шараға қуана қосылды. Осылайша олар «Үміт» балалар үйінде болып келді.

Қайырымдылық қоржынынан шыққан түрлі сыйлықтар, нәрестелер тамағы мен жөргектер балалар үйі тәрбиеленушілерінің көңілін бір серпілтіп тастады.

ПОЖЕРТВОВАЛИ ПЕРВУЮ СТИПЕНДИЮ НА БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ

Студенты 1-курса специальности «Профессиональное обучение» университета Жубанова решили пожертвовать свою первую стипендию на благотворительность. Эту идею с удовольствием поддержали кураторы и студенты старших курсов данной специальности. Первокурсники с преподавателями посетили дом малюток «Умит» и вручили подарки, детское питание и памперсы для малышам.

THE STUDENTS DONATED THE FIRST SCHOLARSHIP FOR CHARITY

The students of the first course of the specialty "Professional education" of Zhubanov University decided to donate their first scholarship to charity. Curators and senior students supported this idea with pleasure. So today, they visited the house of orphans "Umit". Students and teachers presented gifts, baby food and diapers for babies who were left without parental care.



Түркияның Кастамону университетінің профессоры, доктор Орхан Сөйлемез қазан айында Жұбанов университетінің филология факультетінің студенттері мен магистранттарына қазақ тілінде дәріс жүргізді. Түрік ғалымының Қазақстанға сапары университеттер арасындағы екі жақты келісімге орай академиялық ұтырлық бағдарламасы бойынша жүзеге асырылған болатын. Доктор Орхан Сөйлемез мырза Ақтөбеге сапарында қазақтың сұңқар ақыны Өтежан Нұрғалиевтің республика көлемінде ұйымдастырылған 80-жылдық мерейтой шараларына қатысып, «Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы: әдеби болмыс және дәуір шындығы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның пленарлық мәжілісінде ерекше болмысты ақын творчествомен қалай танысқаны, оның түрікшеге аударылған шығармаларын оқығандағы сүйсінісі жайлы қазақша баяндама жасады.

Рахманқұл Б

Түрік ғалымының қазақ тілділігіне, оның ғылыми бағыттарының ерекшелігіне қызығушылық өте жоғары болып, университеттің студент-жастары сапары барысында онымен кездесуге асықты. Аралықтарда жергілікті телеарна бағдарламаларына қатысты. Өте тығыз жұмыс кестесіне байланысты Орхан Сөйлемезбен бір саябыр кеште ғана жүздесудің орайы түсті. Қарапайымдылығымен жоғары мәдениеттілігімен бірден баурап алатын сүйкімді жанға көкейімдегі ең басты сұрақты қоюға асықтым.

— **Сіздің қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетіне қызығушылығыңыз өте ертеде басталған сияқты. 30 жылдай болған екен. Мен шатаспаймын ба, егер қазақ тілін үйренуді сол кезде бастаған боларсыз деп?..**

— Американың Колумбия университетінде оқып жүрген кезімде профессор Рахманқұл Бердібаймен таныстым. Әлемдік деңгейдегі жазушы Шыңғыс Айтматов шығармашылығынан диссертациялық жұмысымды жазып жүрген кезім еді. Алайда, Рахманқұл ағаммен танысқаннан кейін ғылыми зерттеуімнің нысанын өзгертіп, әдебиет арқылы ұлт бірегейлігін сақтау мәселесін зерттеуді бастадым. Диссертациялық жұмы-

сымның бірінші тарауы осылайша қазақ әдебиетіне арналды. Жастарды ұлттық құндылықтарды сақтауға үйретуде әдебиеттің маңызы зор. Ал сіздің қызығып отырған басты сұрағыңызға жауабым – маған қазақ тілін үйреткен де Рахманқұл Бердібай. Оның көл-көсір білімі, туған халқына деген риясыз сүйіспеншілігі, бауырлас ұлтқа құрметі жарқын бейнесімен жадымда мәңгіге қалды. «Қазақ тілінде қымсынбай сөйлей бер. Сонда тез үйренесің», – дейтін ұстазым. Нью-Йоркта, Колумбия университетінің кітапханасында parttime болып жүргенде, ондағы қызметкерлер менің қазақ әдебиетіне құштарлығымды білгендіктен, Қазақстаннан қандай кітап келмесің, бірден маған хабар беретін. Сондай-ақ, «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттерін абонементпен алып, оқып жүрдім. Бір сәйкестік, диссертациямды 1994 жылдың 16-шы желтоқсанында, Қазақстанның тәуелсіздігі мерекесі күні қорғадым. Сондықтан бұл күн менің де академиялық тәуелсіздік алған күнім ретінде өміржолымда жазылып қалды. Комиссия мүшесінің біреуі келе алмай желтоқсанның 15-нен 16-на ауыстырылған еді. Жеке басым бұған қатты қуандым. Мүмкін менің бауырлас қазақ еліне деген осы күнге дейін жалғасып келе жатқан ерекше ықыласым

сол сәттен бастау алған болар. Әйтсе де, ғылыми жолыма дара соқпағын үлгі еткен аяулы ұстазым, қазақтың біртуар перзенті, түркі ғұламасы, академик Рахманқұл Бердібайдың ықпалын мақтанаш ете аламын. Мен ұстазыммен араға жылдар салып, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде кездестім. Шүйіркелесіп, рухани мейірімді қандырып едім. Ақтық рет екен.

— **Қазақ жеріне сізді итермелеген құдірет күшті енді түсіндім. Қазақстанның көптеген қалаларын аралапсыз. Тіпті біздің елдің ГжБМ-нде интернационализация бойынша топ-менеджер болғаныңызды білеміз. Біздің еліміздің білім және ғылым саласының жетімді-жетімсіз тұстарына біраз қанық сияқтысыз ғой...**


— 2010 жылы маусым айынан жылдың аяғына дейін топ-менеджерлік қызметті М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде жүріп атқардым. Демографиялық жағынан қазақ ұлты аз орналасқан өңір екен. Маған Қазақстанда жүзеге асып жатқан «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» – «Серпін» әлеуметтік жобасы ұнайды. Бұл білімге ұмтылған жастарға зор көмек. Сонымен қатар, бұл бағдарлама бойынша

ішкі миграция арқылы демографиялық мәселелерді де шешуге болар деп ойлаймын. Жаңа мен байқаған солтүстіктегі қазақтардың саны толығыр еді. Өйткені, бағдарлама шартымен грантты иеленген студенттер оқуларына аяқтап, мамандық алғасын жергілікті жерге тұрақтап қалады ғой. «Серпін» бағдарламасы 50-100 жыл жалғаса берсе өте жақсы болар еді. Жасалар қарекетке сенімнің молдығы ләзім. Осы ретте Қазақстанның астанасының Алматыдан Ақмолаға көшірілуі қазақ көшбасшысы - Нұрсұлтан Назарбаевтың өзіне, қолдаушы халқына артқан жоғары сенімі себепші болғаны еске түседі. Қазір Астананы өлем таниды.

Қазақстанның латын әліпбиіне көшуін құптаймын. Бұл туралы диссертациямда да сөз етіп едім. Сондағы жазған ойларымды Елбасының «Болашақтың өзіне, қолдаушы халқына мақаласынан көргенде қуанып қалдым. Рухани жаңғыруда ең маңыздысы сананың айшықтығы. Ал адамзат санасы тіл әдебиет, тарих тармақтары арқылы ашылады, айшықталады.

— **Сіз тек қазақ тілін емес, тағы басқа бірнеше тілді меңгерген екенсіз. Бұл қажеттіліктен туындаған жағдай ма, әлде өзіңіздің тілдер үйренуге ерекше бейіміңіз**





ұғу үшін 33 рет қарастырған кездер болды. Себебі, ақынның астыртын ойын түсіну оңай емес. Осындай аударма арқылы зерттеудің нәзік тұстарын үйреткең мені магистрант кезімнен бауырына алған, докторантураға дайындаған профессор Інжі Әнгінүн (InciEnginun) ұстазымды атамай кете алмаймын. Қазір зейнеттік демалыста. Академиялық табыстарым үшін мен қарыздар жанның бірі. Екіншісі – Рахманқұл Бердібай ағайым.

— Ақтөбелік әдебиетшілермен қоян-қолтық жұмыс істедіңіз. Өзіңізге тағы қандай қызықты әдеби іскерлік қарым-қатынас бойынша тәжірибе жинақтадыңыз?

— Ақтөбеге сапарымда қазақтың биігі заңғар ақыны Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдық мерейтойына қатыстым. Алдын ала шығармаларының түпнұсқаларымен таныстым. Ғылыми конференцияның пленарлық

Бердібайдың түрік шәкірті

бар ма, мысалы полиглоттық қасиет.

— Солай деп айтуға болар. Түркияда ағылшын тілін білгесін АҚШ-қа оқуға түскенім. Нью-Йоркқа алғаш келгенде тіл жағынан психологиялық кедергіні бастан кештім. Көңілім ағылшынша сайрап тұрады, бірақ аузымнан сөз шығаруға ұяламын. Қате айтып қоямын ба деп. 1988-95 жылдарға дейін тұрдым Америкада. Ағылшын тілінен кейін орыс тілін меңгердім. Қазақ тілін қалай үйренгенімді басында айттым. Бұлардан өзге басқа да түркі тілдерін меңгердім. Себебі, біріншіден көп тіл білген адамның қай сала болмасын мүмкіншілігі ұлғаяды, екіншіден менің ғылыми бағытыма көптілділік қажет болды. Көп мақсат-мүдделерім осы арқылы жүзеге асып жатыр.

Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығын зерттеп, екі кітап жаздым. 40-тан астам мақаламды арнадым. Түркиядағы саусақпен санарлық айтматовтанушының бірімін деп айтуыма болады. Қазақ әдебиеті, тілі, тарихы жайлы да кітаптарым бар. Ректор Бауыржан Ердембековке ресми кездесу барысында оларды тарту еттім. 2000 жылы қазақша әңгімелер антологиясын жасадым. Студенттерімің көмегі тиді. 1998-99 жылдары Қожа

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде сабақ бергенмін. 4 курс студенттерінің ғылыми жетекшісі болдым. Олардың әрқайсысына бір-бір әңгімеден беріп, түрікшеге аударттым. Әрине, үстінен қараймын. Сөйтіп, үш әңгіме қазақ тілінен түрікшеге аударылды. Ол кезде Түркияда қазақ тілінен аударылған бір ғана әдеби кітап болды, Т.Ахтановтың «Боранды бекет» романы. Қазақ тілін меңгергесін қазақша прозалық шығармаларға пікір жаза бастадым. Ішінде Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы, Абай мен Мәжжан өлеңдері, Ұ.Есдәулетовтің шығармалары, тағы басқа бар. Т.Зекенұлының «Көк берілердің көз жасы» романы түрікшеге аударылуы керек деп ойлаймын. Өте мықты шығарма. Тарихи оқиғаларға құрылған шығармалардың тәрбиелік және эстетикалық өсері мол. «Түркі әлемінің тарихи прозаларындағы ұлттық көріністер» деген кітабымды жазып жатырмын. М.Әуезовтің «Абай жолын» кіргізбекпін. Алғаш трилогияны 30 жыл бұрын оқығанмын. Кейбір сюжеттерін ұмытыппын. Сондықтан, қайта оқып жатырмын. Сосын 4-5 пікір дайындасам, кітабым жарық көріп қалар. Кітапқа 50-ден астам түркі әлемінің прозалық шығармалары жинақталды. Түркі халықта-

рының тағдырлары бір, тарихы ұқсас. Тарихты негізге алған шығарма ұлттық сананы ашып, бірігуге жетелейді. Тарих факультетінің студенттерімен кездескенде І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан үзінді келтіріп, мысалға алдым. Тарихи прозаның берер эстетикасы зор болады.

Сонымен сіздің бұл сұрағыңызға басты жауапқа оралайын. Тілге қызыққан адам ғана оны үйренеді. Мен бала кезімнен қызығатынмын. Жоғарыда айтып өттім, Америкаға алғаш келгенде ауыз ашуға қорықтым деп, сөйтіп 3 ай жүрдім. Сосын бой үйренді. Сол кездегі хәлімді 30 күн оразадан кейінгі ауызашармен теңер едім. Есіме түсіп отыр, Рахманқұл ағайым айтып еді Нью-Йорктан қайтарда, «Балам, мен түрікше 30 мың сөз білемің бірақ сөйлей алмаймын. Ақ түрікше сөйлей алу үшін бар-жоғы 300 сөз білу керек екен» деп. Шындығы сол ғой. Үш жүз сөз жетіп жатыр басқа тілде ұғысуға. Дегенмен, академиялық жұмыста зерттеушіге 30 мың сөз білу де аз болуы мүмкін.

Университеттегі ұстаздарымыз айтушы еді, әдеби аударманың өз ерекшелігі бар, мысалы, бір өлеңді оқығанда бірнеше сөзді түсінбей қалуың мүмкін. Ол кезде сөздік те көмектесе алмайды. Жалғыз сөздің мағынасын

мәжілісінде шағын баяндама жасадым. Шара жайлы жергілікті телеарна дайындаған хабарға сұқбат бердім. Ө.Нұрғалиев шығармалары түрікшеге жалпы аударылмаған. Жол туралы жалғыз өлеңі ғана аударылған екен. Сол өлең маған ой салды. Өзімді Ұлы жібек жолындағы жолаушыдай сезіндім. Үлкен жолдағы өз соқпағын тапқан жанның ниеттері орындалатын сияқты. Кезінде жол тауып Америкаға бардым, Рахманқұл ағайыммен кездестім. Екі ай жанында жүрдім. Ол маған қазақ тілін ғана емес, салт-дәстүр жайында да көп әңгімеледі. Қазаққа деген туыс-тық сезімім сол кездерде пайда болды.

Жол адамдарды жолықтырады, жол адамдардың жанын біріктіреді. 1998 жылы Түркістанға келгенімде әкемдей болған Рахманқұл ағайыммен жүздестім. Оны айтып кеттім ғой. Ағайынның Меккеге барып, қажылық жасап келген кезі екен 7 жылдан кейін шұрқырастық. Сондықтан, жолға шықсам болды, алдымда ғажайып жандарды жолықтыратындай өлеңдеймін.

— Қандай тамаша! Сұқбатыңызға алғыс. Жолыңыз ашық болсын!

Әңгімелескен
Гүлнара ҚАРАША



● **Ғылыми қауымдастық** ● **Научное сообщество** ● **Scientific community**

Катрин ПУЖОЛЬ:

ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ – МОЯ СТРАСТЬ



В нашем вузе с 1-4 ноября проходили семинары директора Французского института исследований Центральной Азии города Бишкек, профессор Национального Института восточных языков и цивилизации INALCO города Париж Катрин Пужоль.

Катрин Пужоль является руководителем проекта Института Сорбонна-Казахстан, автором более 125 статей и книг об истории и социологии Центральной Азии. Ее книга «Казахстан», опубликованная в 2000 году во Франции, была переведена на японский язык.

— Госпожа Катрин, это ваш первый визит в Актобе?

— Да, в Актобе я впервые. Получила положительные эмоции от вашего города, ознакомились с красивыми сооружениями. Также ваш университет оставил неизгладимое впечатление своим мас-

рого и вдохновило меня изучать историю Центральной Азии. Я увлеклась чтением книг о великих степях, и будучи магистрантом я выбрала тему, связанную с Азией.

Во французском Институте восточных языков и цивилизаций я изучала Ислам в странах Цент-

рачивается от других стран Центральной Азии своей масштабностью и величием. Как говорится, здесь может поместиться 5 Франций. И на мой взгляд, история такой большой территории не до конца изучена. Этот момент дает пищу для размышления ученым, ведь

проводятся научные исследования.

— Расскажите о вашей первой поездке в Центральную Азию?

— В 1979 году я впервые приехала в Узбекистан, в г. Самарканд. В начале мне было досадно от того, что я не увидела тот город, который был опи-

— Вы помните вашу первую встречу с Казахстаном? Какие изменения вы увидели, приехав сюда вновь?

— Первый раз в Казахстан я приехала еще в советское время. С тех пор прошло около 30 лет и страна очень сильно изменилась. Меня удивила модернизация казахстанских городов, которые продолжают развиваться, сохраняя прежнюю территориальную и природную красоту.

— Вы владеете несколькими языками. Нам интересно, на каком языке вы предпочитаете писать статьи и книги?

— В основном я пишу на французском языке. Я являюсь патриотом своего языка. Книга «Казахстан» тоже написана на французском и даже переведена на японский. Я считаю, что каждая нация должна писать на своем языке.

— В каком формате вы провели семинары для участников нашего вуза?

— В ходе семинаров я предложила слушателям представить себя французами. То есть теми, кто особо не знаком с историей стран Центральной Азии. Таким образом, я старалась преодолести темы семинаров, как для своих студентов во Франции. Я предложила участникам посмотреть на историю с нового ракурса, дополняя интересными фактами их базовые знания об истории стран ЦА.

— Поделитесь пожалуйста вашими дальнейшими планами.

— На сегодняшний день ведутся переговоры с вашим университетом о подписании меморандума о сотрудничестве с Национальным институтом Восточных языков и цивилизации INALCO. Я считаю, что это сотрудничество откроет новые двери в воплощении идей и проектов как для вас, так и для нас.

— Благодарю за увлекательную беседу!



табом и количеством студентов.

Всегда приятно открывать для себя новые города. Ранее я бывала в Астане, Алматы, Шымкенте, Семипалатинске, Усть-Каменогорске. Три года назад я посетила Атырау.

— Расскажите о привлекательности изучения истории Центральной Азии?

— В детстве родители подарили мне книгу «Тысяча и одна ночь». В первой главе действие разворачивается в городе Самарканд, описание кото-

ральной Азии: Узбекистан, Таджикистан. В это же время я стала учить фарси, русский и арабский языки. Данные языковые навыки помогли мне узнать много интересного о центре мировой мусульманской культуры. В наше время были ученые, изучающие историю Ирана, Афганистана, но был дефицит специалистов в области истории ЦА.

— Вы написали книгу о Казахстане. Какие особенности нашей Великой степи вы можете отметить?

— Казахстан резко от-

многие факты до сих пор не известны. Также меня интересует и завораживает история кочевой цивилизации. К примеру, у оседлых народов преобладает чувство превосходства, в виде того, что они строили города, здания, достопримечательности. А меня привлекают не раскрытые факты кочевых народов. Я считаю, что не хватает книг по данному вопросу. Прежде всего нужно изучить историю каждого региона Казахстана и обобщить ее. Тогда и откроются новые факты, мнения и будут

сан в книге «Тысяча и одна ночь». Город был пропитан советским духом. К сожалению, мои ожидания сразу не оправдались. Но постепенно вливаясь в жизнь, познакомившись с местными жителями, я стала узнавать тот самый устоявшийся образ жизни, описанный в книге. Далее, во время поездки в Иран, я нашла ожидаемый мной Самарканд в городе Исфахане. В Иране хорошо сохранились исторические города, чем в Узбекистане. Но отмечу, что эти страны очень близки по культуре.

Салтанат
КУСТАНОВА

Айдың айшықты жаңалықтары

Главные новости месяца

Top news of the month

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ МАРАПАТЫНА ИЕ БОЛДЫ

«Нұр Отан» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының XXV есеп беру-сайлау конференциясында техникалық факультетінің 4-курс студенті Қуаныш Баянбаев пен экономика және құқық факультетінің 2-курс студенті Алишер Тыныштық өңірдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып, партияның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға атсалысып жүргендері үшін «Нұр Отан» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың Алғысхатымен марапатталды. Екі жас та партия мүшесі, ал Алишер Тыныштық сонымен қатар университеттің «Жас Отан» ЖҚ төрағасы.

НАГРАЖДЕНИЯ ПАРТИИ «НУР ОТАН»

В ходе XXV отчетно-выборной конференции областного филиала партии «Нур Отан», студент 4-курса технического факультета Куаныш Баянбаев и студент 2-курса факультета «Экономики и права» Алишер Тыныштык были награждены Благодарственными письмами председателя Актюбинского областного филиала партии «Нур Отан», акима области Бердыбека Сапарбаева за активное участие в общественно-политической жизни региона и программах партии. Оба студента являются членами партии, а Алишер Тыныштык является председателем Молодежного крыла «Жас Отан» при АРГУ им. К.Жубанова.

“NUR OTAN” PARTY’S AWARDING CEREMONY

During the XXV report-election conference of the regional branch of the "Nur Otan" party, the 4-year student of the technical faculty Kuanysh Bayanbayev and the 2-year student of the faculty "Economics and Law" Alisher Tynyshtyk were awarded by the Akim of the oblast Berdybek Saparbayev with letters of thanks for their active participation in the social and political life of the oblast. Both students are party members, and Alisher Tynyshtyk is the chairperson of the Zhas Otan Youth Wing at ARSU named after K.Zhubanov.



ДОЦЕНТ ЖІБЕК БЕГИМБАЕВА ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Университеттің «Отан тарихы және тарихи пәндер» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Жібек Бегімбаева Түркияның Биледжик Шейх Эдибали университетінде студенттерге екі апталық дәрістер ләгін өткізді.

«Мен өзімнің алғашқы сабағымды Қазақстан тарихына арнадым. Алдын-ала дайындалған таныстырылым-дәрістерім түрік студенттері арасында үлкен қызығушылыққа ие бол-

ды», — дейді Жібек Бегімбаева. Кездесу барысында ақтөбелік оқытушы түрік әріптестерімен Қазақстанның кеңбайтақ даласы, бейбітшілік саясаты жайындағы ой-пікірлерімен бөлісті.

ДОЦЕНТ ЖИБЕК БЕГИМБАЕВА ПРОЧИТАЛА КУРС ЛЕКЦИЙ СТУДЕНТАМ ТУРЕЦКОГО ВУЗА

Доцент кафедры «Отечественная история и исторических дисциплин», кандидат исторических наук Жибек

Бегимбаева сейчас проводит двухнедельные лекции студентам выпускного курса в университете Биледжик Шейх Эдибали (Турция).

«Свои первые занятия я посвятила истории Республики Казахстан. Подготовила подробные лекции-презентации, которые вызвали неподдельный интерес и восторг у турецких студентов», - рассказывает Жибек Бегимбаева.

В ходе рабочей поездки она встретилась с турецкими коллегами и поделилась с ними рассказами о необъятных степях Казахстана, о большой территории и полиэтничности страны.

ZHIBEK BEGIMBAYEVA READ LECTURES TO STUDENTS OF TURKISH UNIVERSITY

Associate Professor of the Department "Local history and historical discipline", candidate of historical sciences Zhibek Begimbayeva now holds two-week lectures to graduate students at the University of Bilecik Sheikh Edibali (Turkey).

"I devoted my first lessons to the history of the Republic of Kazakhstan. I prepared detailed lecture-presentation that aroused genuine interest and delight among Turkish students" said Zhibek Begimbayeva.

During the working visit, she met with Turkish colleagues and shared with them stories about the vast steppes of Kazakhstan, the large territory and the tolerance of the country.

«АМАН-МҰНАЙ» ЖШС-МЕН ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Мемлекет басшысы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыспен тұрмыс сапасын арттыру» халыққа Жолдауында келе жатқан 2019 жылды «Жастар жылы» деп белгіледі. Осыған орай Жұбанов университетінің студенттері «Аман-мұнай» ЖШС өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында аталмыш компания арасында ынтымақ тастық турасындағы меморандумға қолқойылды. Шарада «Аман-мұнай» ЖШС-і Жұбанов университетінің студенттеріне 58 білім грантын бөліп отырғаны жайлы хабарланды.

Университет ректоры Бауыржан Ердембеков студенттердің тәжірибеден өту және жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету мақсатында облыстағы басқада өндірістік компаниялармен университет арасында тығыз қарым-қатынас орнатылғандығын атап өтті.

«Аман-мұнай» ЖШС-нің өндіріс және экология бойынша бас директор орынбасары Ерхан Ажигалиев: «Біздің компанияның базасында сіздерге өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі бар. Студенттер үшін білім гранттарын бөлуді әрі қарай жалғастыра береміз», - деді.

Кездесу соңында білім грантына ие болған студенттер компания өкілдеріне алғыстарын жеткізді.

ПОДПИСАН МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ С ТОО «АМАН-МУНАЙ»

Глава государства в Послании народу страны "Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни" объявил 2019 год Годом молодежи. И в рамках данного события студенты встретились с представителями ТОО «Аман-мұнай». В ходе мероприятия был подписан меморандум о сотрудничестве вуза с данной компанией. Отметим, что компанией ТОО «Аман-мұнай» было выделено 58 грантов на обучение студентам университета Жубанова.

В ходе встречи ректор университета Бауыржан Ердембеков отметил, что университетом проводится активная работа по установлению сотрудничества с

производственными компаниями области, в целях обеспечения студентов практикой и дальнейшим трудоустройством.

Ерхан Ажигалиев заместитель генерального директора по производству и экологии ТОО «Аман-мұнай» в своем обращении к будущим выпускникам отметил, что у них есть возможность прохождения производственной практики на базе компании. «И мы надеемся в дальнейшем выделять образовательные гранты для студентов», - сказал Ерхан Жаугаштыбаевич.

В завершении встречи обладатели образовательного гранта обратились со словами благодарности к представителям компании.

MEMORANDUM ON COOPERATION WITH AMAN-MUNAY LLP

The head of state in his Message to the people of the country "Growth of the welfare of Kazakhstan: improving incomes and quality of life" declared 2019 the year of the youth. As part of this event, today, the students met with representatives of Aman-Munai LLP. During the event was signed the memorandum of cooperation of the university with this company. It should be noted that the company Aman-Munai received 58 grants for education of students of Zhubanov University.

During the meeting, the university's rector, Bauyrzhan Yerdembekov, noted that the university is actively working to establish cooperation with industrial companies in the oblast, in order to provide students with practice and further employment. Erhan Azhigaliyev, the Deputy General Director for Production and Ecology of Aman-Munai LLC, said to future graduates, that they have the opportunity to do internship based on the company. "And we hope to further allocate educational grants for students," said Yerkan Zhaugashtybayevich. At the end of the meeting, the owners of the educational grant said their thanks to the representatives of the company.

Айдың айшықты жаңалықтары <http://news.arsu.kz> материалдары негізінде дайындалды
 Главные новости месяца подготовлены по материалу <http://news.arsu.kz>
 The important news of the month was prepared by <http://news.arsu.kz> site materials

● **Үстаз бен шәкірт**● **Учитель и ученик**● **Teacher and student**

Үстаз - қай қовалда болсын ғылыми мен білімнің, адалгершілік пен сабыр-мылықтың, адалдық пен әділдіктің рәмізі болып келеді. Бұл тізімге фәне ұстаздың иеліріңділік пен қамқоршылы секілді фәке адалы қасиеттерін қосуға болар. Осындай сипатқа лайық ұстаздың бірі - «География фәне туризм» кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлжанат Жәлелқызы Сүлейменова.

Сөзі мен ісі қатар жүретін мәдениетті де биязы ұстаз шәкірт жүректерін баурап алған. Хакім Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңіндегі «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға, Үстаздық қылған жалықпас, Үйретуден балаға» деген жолдар Гүлжанат ұстаздың өмірлік бағдаршамына айналғандай. Биыл күзде еліміздің білім саласын дамытуға қосып жүрген лайықты үлесі үшін Халықаралық педагогика және инновациялық технологиялар ғылым Академиясы мен "Самғау" республикалық ғылыми-әдістемелік журналының ұстаздар күніне арналған мерекелік шарасында Гүлжанат Сүлейменованың кеудесіне «Асыл ұстаз» медалі тағылды.

Өмірдегі үздік соқпақтары Мұғалжар ауданындағы ауылы Бұлақтыдан (Родники) басталды. Орта мектепті үздік аттестатпен аяқтап, институтқа түсті. «Тарих және

география» мамандығын алып, өзі бітірген мектепке мұғалім болып келді. Әрі қарай еңбек жолын Ақтөбе политехникалық колледжінде түрлі жетекшілік қызметтерде жалғастырған Гүлжанат Жәлелқызы 2007 жылы саласы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Төрт жыл «Нұр Отан» ХДП Ақтөбе филиалында Жоғары партия мектебінің әдіскер-кеңесшісі болып жұмыс жасаған тәжірибесі



де педагогтық шеберлігін шыңдауға мол септігін тигізді. Ғылыми-педагогикалық жұмыс барысында 40-қа жуық ғылыми мақалалары республикалық, халықаралық баспасөз беттерінде жарық көрді. «Развитие общеобразовательной школы Казахстана в 1980-1990 годы: исторический аспект» деген тақырыпта орыс тілінде монография жазып шықты.

«Үстаз – тұлға. Сондықтан оның танымы мен тәрбиесін жастар тез қабылдайды. Осы тұлғалық мүмкіншілігім-ді пайдаланып, жастарды отансүйгіштікке, белсенділікке тәрбиелеп отырамын.

Өңіріміздегі ірі тарихи тұлғалар жайлы көп айтамын. Осы арқылы танымдық туризмді дамыту жолдарын бірге саралаймын», - дейді Гүлжанат Жәлелқызы.

Мектепте үздік оқып, қоғамдық істердің ортасында жүретін Гүлжанатқа ағайлары мен апайларының «Бойыңда мұғалімге тән қасиеттер бар, түбінде бала тәрбиелейтін болар-

АСЫЛ ҮСТАЗДЫҢ

АСЫЛ АЙЛАРЫ





**Жарас Каюпов,
2016-2017 оқу
жылының түлегі:**

Гүлжанат Жалелқызы кураторымыз болды, сабақ берді. Үнемі мен байқап, өзіме үлгі етіп алған ерекшелігі - жауапкершілік қасиеті өте жоғары және шынайылықты бағалайтын жан.

сың» деген жорамалы дәл орындалды. Сол сенім биігінен көрінген бүгінгі асыл ұстаз өмірге дұрыс көзқарасын қалыптастырған, бағыт-бағдарын айқындауға жәрдем берген, кісілік пен кішіліктің қадірін ұғындырған жақындарының бәріне: ата-анасына, бауырларына және ұстаздарына риза.

«Мына заманда адами қасиеттер ада болып барады. Бұл қоғамға қауіп. Әсіресе, ой-санасы балғын жастарға. Қай салада жүрмесін үлкендер адамгершілік үлгісі болса деймін», - деп толғанады ұстаз бүгінгі уақыт қалтарыстары жайында.

...Бүгінгі уақыттың педагогқа қойып отырған талабы жоғары. Елбасы Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында ұстаздарға өз болмыстарын заманға сай өзгерту керектігін атап көрсетті ғой. Сондықтан қазіргі заман оқытушысы— рухани биік, педагогикалық құралдардың барлық жаңа түрлерін шебер меңгерген білікті маман болу керек», - дейді ол ойын қорытындылай отыра.

Қазіргі таңдағы еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жастардың білім деңгейін халықаралық дәрежеге көтеру, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу болса, осы міндеттерді жетелеп жүрген ұстаздар тобында Гүлжанат Сүлейменованың табылары айқын, ол сөзсіз.

Гүлнара ҚАРАША



**Аманкелді Бұйраш –
«Географи-Тарих» мамандығының 1 курс студенті**

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық деп ойлаймын. Өйткені ұстаз барлық мамандық иесін тәрбиелейді. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Сондықтан ұлағатты ұстазға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Менің ойымша кез-келген жан ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық – өнер. Осы табиғи дарын мен терең ізденіс пен өрен еңбектің ұштасуы. Сондай бір ұстазым – Сүлейменова Гүлжанат Жалелқызы кәсібін өте сүйетін жан. Әр сабағына тыңғылықты дайындықпен келетін, жауапкершілігі жоғары, жаңашыл оқытушының сабағында ылаи сергек отырамыз. Сабақтан тыс кезде ақылшы анамыз тәрізді. Жанына үйіріліп, тәрбие-сін аламыз. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай хәкім айтпақшы, ұстазымды ең алғаш көріп, білгеннен бас-тап, оған деген құрметім, сабаққа деген зейінім артты. Анам қандай қадірлі болса, ұстазым да мен үшін қамқат жанға айналды. Ұстазымның дәрісінен қалған емеспін. Адамгершілік қасиеті, қамқор сезімі, биязы мінезі арқылы өзіне тартып тұрады. Сөз саптауына, ортада өзін ұстауына қарап, ұқсауымыз келіп, қызығып отырамыз.

**Сания Жумабаева, «Туризм»
мамандығының 3 курс студенті:**

Гүлжанат Жалелқызын ұстаз ретінде ғана емес, өзімнің жаныма жақын тұлға ретінде өте бағалаймын. Ол – қазіргі қоғам аяғына сай өмір сүре алатын, жастар саясатын түсінетін, олармен түрлі жағдайларда жұмыс жасай білетін жан. Нағыз ұлағатты ұстаз ретінде білемін және көптеген жақсы қасиеттерін бойыма сіңіруге тырысамын.



Денсаулық пен сұлулық алабы

Полоса здоровья и красоты

Line of health and beauty

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, қысқы және жазғы Президенттік Көпсайыстардың ҚР кубогі мен чемпионаттарының талай дүркін жеңімпазы Айбек Габдуллиннің салауаттық өмір хикаясы.

Мен Президенттік көпсайысқа негізі кештеу келгенмін. Дегенмен, спортқа бала күнімнен жақын болдым. Мектеп қабырғасында жүрген кезімде волейболмен айналыстым. Ол кезде бойым ұзын еді. Жоғары оқу орнына түскен кезде бойым шөгіп, командаластарымның арасында бой айырмашылығымыз айқын көрініп тұрды да, әрі қарай волейболмен кәсіби түрде айналыспадым. Есесіне, сол 1997 жылы, ол кезде Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты болатын, «Дене шынықтыру» мамандығынан сабақ беретін марқұм Самат Жұмағалиұлы Қазиев ұстазыммен таныстым. Ол мені боксқа қызықтырды. Сөйтіп студент шағымда боксқа бардым. Оқу орнын бітірген бойда әскерге шақырылдым. Одан кейін жұмысқа тұрдым, үйлендім. Отбасылық өмірдің өз ережелері бар. Алдыма басты мақсат етіп, үлгілі шаңырақ иесі болуды, ұл-қыз өсіріп, жақсы әке атануды қойғасын



ӨМІР САЛТЫМ —

спортқа арнайы бұрылмадым. Бокстан мүлде қол үздім.

...Спортқа 33 жасымда қайта келдім. Боксты жалғастыра алмадым. Мамандығым «Дене шынықтыру» пәнінің мұғалімі болғандықтан жұмыс барысында жеңіл атлетика, жүзу және қысқы спорт түрлерімен айналысып жүрдім. Сөйтіп, көпсайыстық жарыстарға қатыса бастадым. Ол кезде бұл спорт түрлері бойынша спортшылар аз болатын.

Алайда, жаңа спорт түрі де толық қайтарымды талап етті. Кәсіби жаттығу үшін

жұмыстан бас тарту керек. Олай етсем отбасын кім асырайды деген сұрақпен біраз қиналдым.

Жастайымнан мақсатыма міндетті түрде жетуге қалыптасқан қасиетімнің көмегімен бұл тығырлықтың жолын таптым. Әйтпесе, зымыраған уақыт өте шығып, бойымдағы дарынымды пайдалануға үлгерем едім.

Жаттығуды үйден жұмысқа жаяу келіден бастадым. 12-ші ықшам ауданда тұрамын. Практикалық сабақтарда студенттеріммен бірге жаттығулар жасап, шыныға түстім.

Жылы мезгілдерде жүгіремін, стадионда дискі лақтырамын, қыс айларында шаңғы тебемін, мылтықтан атып және басқа да спорт түрлерімен шұғылданамын. Осылайша жеке көрсеткіштерімді де жақсартта бастадым. Жаттығу үшін арнайы басқа спортзал немесе спорт алаңына бармаймын, өйткені біздің университетіміздің базасында көпсайысты спорт түрлеріне барлық жағдай жасалған. Жаттығудан кейін киім алмастыратын, душ қабылдайтын бөлмелер де бар. Оқытушыларға спорт киімдерін күнде-

лікті тасып жүрмес үшін, оқытушылар бөлмесі де жабдықталған. Жұмыс біткен соң, бассейнге барып жүзу жаттығуларын жасаймын. Демалыс күндері міндетті түрде тауға барып жаттығамын. Бір ырғаққа ілігіп, күн кестесін құрсаң жаттығу сенің өміріңнің бір бөлігі болып кетеді. Денең, ағзаң да сол ырғаққа үйреніп кетеді.

Жақында облыстық спорт басқармасының қолдауымен күштік воркауттан турнир өтті. Бас жүлде жеңімпаздың ауласында аталмыш спорт түрімен айналысуға арналған жаттығу





құрылғысын орнату болды. Қатысып, жеңіп шықтым. Мен тұратын ауламда толық жабдықталған спорт алаңы бұрыннан бар еді, сондықтан жеңіп алған құрылғыны университет жатақханаларының бірінің аумағына орнатқым келді. Онымен университет мемлекет меншігіне кіретін мекеме болғандықтан, заң жүзінде бұл ойым іске аспады. Осылайша, құрылғыны мен тұратын аулаға қосымша орнаттық.

Әзірге Президенттік көпсайыстан халықаралық деңгейде шығып көрген жоқпын. Қазақстан, облыс чемпионаттары мен кубоктеріне қатысып, жеңімпаз болып жүрмін. Қазір триатлоннан «Ironman» деген жаңа спорт түрі қарқынды дамып келе жатыр. Бұл спорт түрі шамамен 2 шақырымға жүзуден басталады. Әрі қарай велосипед жарысымен жалғасып, жүгірумен аяқталады. Өз күшімді осы спорт түрінен де сынап көру ойымда бар. Сондықтан жұмысқа велосипедпен келіп жүрмін.

Жеке бапкерім жоқ. Әйтсе де тәжірибелі мамандар, спортшы ұстаздарым Самат Қазиевтің, Төлеген Ботағариевтің бергендері мол. Өйткені, спорт тағылым сияқты, зерттеп барып, бастауың керек. Осы ретте бағыт беретін жан болуы қажет.

Ironmanмен университет бойынша Шыңғыс Төлеуов деген оқытушы әріптесіммен бірге жаттығамыз, бір-біріміздің қателіктерімізді байқап, түзеп отырамыз. Бір-бірімізге жаттықтырушымыз десек те болады.

Көпсайыс түрлері мен триатлонға қызығушылық танытқан жастарға кеңес беруге, жаттықтыруға болады. Салауаттылық өмірдің негізі болғанда ол шынымен керкем.

Спортшының салауаттық өмір хикаясын жазып алған
Ажаргүл КУНАРОВА

САЛАУАТТЫҚ



КАРТОФЕЛЬНЫЕ ДРАНИКИ

Драники - это традиционное белорусское блюдо из тертого картофеля. В различных вариациях драники встречаются в разных кухнях мира. Своим вариантом приготовления данного блюда делится студентка 3-курса специальности «Дефектология» Анара Кустанова.

На данный момент Анара совмещает учебу с работой. Учась на 3-курсе, она подрабатывает по своей специальности в детском учебном центре. По словам девушки, учитывая загруженность, времени на готовку совсем не остается. Потому ее спасают легкие рецепты приготовления блюд на вкусных страницах в Instagram.

«После тяжелого трудового дня, хочется побаловать себя чем-то вкусным. В этом мне помогают страницы с рецептами в социальных сетях. Нахожу там наименее затратный по времени рецепт и воплощаю его в реальность. Сытно да еще и недорого», - делится Анара.

По словам Анары, технология приготовления картофельных драников очень простая, чем и привлекает студентов, имеющих активный ритм жизни.

Опираясь на исторические данные, в 1830 году знаменитым польским кулинаром Яном Шыллером в книге «Кухар добра навучаны» был впервые опубликован рецепт драников. В этом кулинарном издании автор описал оладьи из картофеля, рецепт которых он позаимствовал из немецкой кухни. Книга эта стала очень популярна, ее огромное количество раз переиздавали, а рецепт полюбился многим европейским народам. Но именно белорусские драники считаются наиболее удачным воплощением этого блюда, ведь страна эта хорошо известна своим картофелем.



ДЛЯ ПРИГОТОВЛЕНИЯ БЛЮДА НЕОБХОДИМО:

- картофель- 700 г;
- яйца- 2шт;
- мука- 4-5 ст.ложек;
- масло растительное-3 ст.ложки;
- сметана (для подачи).



ПРИГОТОВЛЕНИЕ:

1. Картофель натереть на мелкой тёрке.
2. Добавить муку и яйца.
3. Добавить соль по вкусу.
4. Смесь выкладывать на хорошо разогретую сковороду столовой ложкой.
5. Жарить 3 минуты на медленном огне с каждой стороны.
6. Чтобы драники не были слишком жирными, нужно выкладывать их на бумажные салфетки. Они впитают ненужный жир.
7. После приготовления драники принято подавать со сметаной.

Приятного аппетита!

Страницу подготовила **Салтанат КУСТАНОВА**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:

ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

**Ректор
Бауыржан Ердембеков**

Бас редактор

Гүлнара Қараша

Тілшілер:

Сандуғаш Дүйсенбаева
Ажаргүл Қунарова
Салтанат Кустанова

Аудармашы:

Ақбота Орманбекова

Дизайнер:

Айгерім Нуршина

Фотограф:

Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:

030000, Ақтөбе қаласы,
Ә. Молдағұлова даңғылы, 34,
102 бөлме

Тел: 8 (7132) 55 23 21

E-mail:

zhubanovpress@mail.ru

Сайт: www.arsu.kz

Facebook: Пресс-служба
университета Жубанова
Таралымы: 5000 дана